

ӘОЖ 81'366

Д.М. Кокеева\*, Ф.А. Шорабек

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

\*E-mail: dmkbuddy@mail.ru

**Хинди тілінің сөзжасам жүйесінің қалыптасуы**

Мақалада хинди тілінің сөзжасам жүйесінің жасалу жолдары мен қалыптасуы қарастырылады. Тарихи фактілерге тоқтала отырып, заманауи үрдістердің тілге әсері нәтижесінде пайда болған лексикалық өзгерістер жан-жақты сарапталады.

**Түйін сөздер:** хинди тілі, лингвистика, сөзжасам, лексика, морфология, суффикс, префикс, түбір.

D.M. Kokeyeva, G.A. Shorabek

**Methods of formation of lexicology in hindi language**

This article explains change of religion, including Islam in historical and philosophical context. Also carefully analyzed the lexicological changes that have resulted from the influence of modern processes of language.

**Key words:** hindi language, word formation, linguistics, lexis, morphology, suffix, prefix, root.

Д.М. Кокеева<sup>1</sup>, Ф.А. Шорабек<sup>1</sup>**Методы формирования лексикологии на языке хинди**

В статье рассматривается изменение морфологического состава слова, в том числе словосочетания в лексикологическом аспекте. Также тщательно анализируются лексикологические изменения, которые появились в результате влияния современных процессов на язык.

**Ключевые слова:** язык хинди, словообразование, лингвистика, лексика, морфология, суффикс, префикс, корень.

Тіл дамыған сайын ол өз даму жолында үнемі өзгерістерге ұшырап отырады. Оның ішінде елеулі көзге түсетін қыры – сөздің құрамы морфологиялық тұрғыда өзгеріп, сөз бен сөз тіркестерінің семантикалық құрылымының өзгеруін айтуға болады. Айқын, елеулі өзгерістер тілдің сөздік қорында, яғни лексикасында болғандықтан, тілдің лексикасы үнемі даму үстінде болады. Тіл білімі саласында лексикасы, грамматикасы жағынан даму жолында өзгерістерді бастан кешірген тілдердің бірі – хинди. Сондықтан мақалада хинди тілінің сөзжасам жүйесінің жасалу жолдары мен қалыптасуы қарастырылады.

Ғылымда қалыптасқан көзқарас бойынша тіл туралы ғылымның алғаш пайда болуы ежелгі үнділерден басталады. Үнділерден бізге жеткен зерттеулер жыл санауымыздан бұрынғы V ғасырдан басталады. Бұл материалдардың ғы-

лыми жүйелігіне, ой тереңдігіне қарағанда Үндістан лингвистикасы бұдан да бұрын болғанға ұқсайды. Тіл білімі мұнда практикалық қажеттіліктен туған. Үнділердің өте ерте ежелгі дәуірден сақталған аңыздардан, құдайға арналған гимндерден, діни жырлардан құралған «Веда» жазба ескерткіштері (б. з. д. VI ғасыр) болды. Біздің дәуірімізден бұрын VI ғасырларда белгілі болған бұл жинақты үнділер қасиетті, киелі деп таниды. Бұл құдайларға арналған гимндер жинағының тілінде сол уақыттағы үнділерге мағынасы түсініксіз көптеген сөздер, сөйлемшелер болған. Соларды айқындау және Веда тілін сейлеу тілі әсерінен қорғау, оның айтылу мәнерін, беретін түсінігін өзгеріссіз сақтау мақсатымен Веданың тілін зерттеуді қолға алады. Бұл зерттеу төрт түрлі бағытта жүргізілген:

а) дыбыстық жүйесі мен айтылу мәнерін, яғни фонетикасы мен орфоэпиясын зерттеу;

ә) жыр құрылысы мен өлең өлшемдерін зерттеу;

б) грамматикасын зерттеу;

в) жеке сөздердің тіркесін және оның мән-мағынасын, яғни лексикасы мен этимологиясын зерттеу.

Ежелгі Үндістандағы тіл білімі, негізінде, осы төрт бағытта дамыған. Бірақ бұлардың даму тарихы, зерттелу дәрежесі біркелкі емес. «Веда» жөніндегі зерттеулер үнділердің аса көрнекті лингвисті Яска мен Панини жазған еңбектер арқылы біздің заманымызға жетті.

Яски біздің дәуірімізге дейінгі бесінші ғасырларда өмір сүрген. Ол «Ригведаға» түсіндірме ретінде өзінің әйгілі «нирукта» еңбегін жазған. Бұл еңбек алғашында 12 кітаптан тұрған, кейіннен тағы 2 кітап қосылды. Сонымен қатар ол – «Веда» тілінің бес томдық сөздігін жасап түсінік жазған адам. Нирукта кітабында ол сөздерді 4 грамматикалық топтарға бөлген, олар:

- 1) есім;
- 2) етістік;
- 3) префикс- көмекші сөз;
- 4) жалғаулар мен шылаулыр.

Бұл еңбекте әлі сөзжасам жүйесі туралы айтылмайды, бірақ сөздердің құрылымы мен жасалымы туралы заңдылықтар ұғымы берілді. [1, 66–92-б.]. Панинидің біздің дәуірімізге дейінгі IV ғасыр шамасында жазған «Аштадхьяй» (Грамматикалық ережелердің сегіз бөлімі) деген еңбегінде төрт мыңнан астам грамматикалық ереже берілген. Бұл еңбегінде Панини «Веда» тілін қалпына келтіру нәтижесінде пайда болған үнділердің санскрит деп аталатын көне әдеби тілінің және «Веда» жыры тілінің дыбыстық жүйесін, сөз туғызу, сөз өзгерту жолдарын жан-жақты зерттелген. Панини еңбегі – тіл білімі тарихындағы біздің дәуірге жеткен тұңғыш сипаттама грамматикасы. Ол санскрит тілінің грамматикасы деп те аталады. Мұнда сөздерді тапқа, түбірге, түрлі қосымшаларға бөлу, жұрнақ, префикс дегендердің бәрі де бар. Панини грамматикасы ережелерінің дәлдігіне, зерттеулерінің терең және жан-жақтылығына қарап, бірсыпыра ғалымдар Үндістанда тіл білімі Панинге дейін де даму басқышынан өткен, бірнеше грамматикалық еңбектер жазылған болуы керек деп жорамалдайды. Алайда, Панинидің арқасында түбір мәселесі алдыңғы қатарға шықты. Бұл еңбекте Панини түбірді «как неразложимом звуковом комплексе, обладающем единым,

хотя и весьма широким лексическим значением, неизменной во всех процессах формообразования данного слова» [2, 6-б.] деп көрстеді. Бірақ ондай еңбектердің болған болмағына ғылымда әзірше белгісіз.

Үнділер тілдегі барлық сөздерді есім, етістік, предлог, демеулік деп төрт топқа бөлген де әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін жан-жақты сипаттаған. Етістіктің шаққа бөлінуі, есімдерде жеті түрлі септік жалғаудың барлығы және т.б. көптеген грамматиканың мәселелері өте дәлдікпен шешілген.

Шынында да, үнділер тіл білімінің дамуына елеулі үлес қосқан. Тіл фактілерін зерттеуде олар синтетикалық тәсілді де, аналитикалық тәсілді де қолданған. Сол арқылы тілдік элементтердің өзара ұқсастығын және бір-бірінен өзгешеліктерін айқындаған.

Үнділер тілдік негізгі тұлға – сөйлем, өйткені ой тек сөйлем арқылы ғана беріледі дегендерімен, синтаксис мәселелеріне жеткілікті көңіл бөлмеген.

Ежелгі Үндістан лингвистикасында грамматикадан кейінгі мол зерттелген мәселе – фонетика. Фонетика ежелгі заман тіл білімінің ешқайсысында да Үндістандағыдай зерттеудің жоғарғы сатысына көтеріле алған жоқ. Рас, үнділер фонетиканы өз алдына жеке ұғым етпеген, ол морфология мәселесіне негізінде, түбір сөз бен қосымша, сөз бен сөз арасындағы дыбыс алмасуына байланысты қарастырылған. Соның өзінде қазіргі заман фонетика ғылымында айтылып жүрген мәселелердің біразын кездестіреміз. Дыбыстардың физиологиялық сипаттары, сөйлеу органдарының тіл дыбыстарын жасаудағы артикуляциясы, дыбыстардың дауысты, дауысыз, шұғыл, ызың болып кездесетіндіктері, олардың себептері жан-жақты және дұрыс сөз етілген.

Үндістан лингвистикасының тарихын сөз ете келіп, В. Томсен: «Үндістан лингвистикасының көтерілген биігі ерекше. Бұл биікке, көп нәрсені үнділерден үйрене тұрса да, еуропалық тіл білімі XIX ғасырға дейін көтеріле алмады», – деп жазады. Ал, И.А. Бодуэн де Куртенэ «XIX ғасырдағы тіл ғылымы немесе лингвистика» деген еңбегінде салыстырмалы грамматиканың XIX ғасырдың туындысы екенін айта келіп: «әдіс жөнінен алғаш түрткі салғандар үнді грамматистері, тілдік талдау, сөздерді құранды элементтерге бөлу солардан басталады. Бұл – түрлі

тілдер сөздерін салыстырмалы сөздіктерде салыстыра қарауды дүниеге келтірді. Егер де үнді грамматистерінің XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың бас кезіндегі Еуропа зерттеушілерінің ақыл-ойына тигізген орасан зор әсері болмаса, салыстырмалы грамматиканың, тіпті Еуропа мен Америка топырағында пайда болған тіл ғылымының гүлдеп дамуы болмаған болар еді» дейді [3, 37-б.].

Кейінгі дәуірлерде Үндістанда Панини грамматикасының мән-мағынасын талдап түсіндірген оның жолын ұстанған лингвист-ғалымдар болды. Солардың бірі – біздің дәуірдің үшінші ғасырларында өмір сүрген Вараручи Катьяна. Ол Панини еңбегіне талдау жасаумен қатар, орта дәуір үнділерінің пракрит деп аталатын санскрит тіліне салыстыра зерттеген. Сөйтіп, лингвистикада бірінші болып тарихи – салыстыру әдісін қолдануға талпынған, тілдің тарихы, дамуы мен ұғымдарды алғаш сөз еткен ғалым. Ол өзінің «Пракрит грамматикасы» дейтін еңбегінде фонетика мәселесіне ерекше көңіл бөледі, әрбір дыбыстың даму жолдарына, оларда болатын өзгеріс-құбылыстарға, үндесу заңдарына талдау жасайды. Мұндай құбылыстарды Катьяна морфологиялық өзгерістерге байланысты қарайды.

Ежелгі Үндістан лингвистикасы тарихының тағы бір көрнекті өкілі – философ-лингвист Бхартхари. Бұл – тіл мәселелерін философияға байланыстыра қараған ғылым.

Үндістан лингвистикасының кейінгі дәуірлердегі өкілдері ұзақ заман бойына осы үш ғалымның (Панини, Катьяна, Бхартхари) мұраларын жинақтап, талдап түсіндірумен болды.

Эренбург университетінің профессоры Джон Лайонз 1978 жылы орыс тілінде жарияланған «Теориялық лингвистикаға кіріспе» деп аталатын еңбегінде Паниниден кейін Үндістанда он шақты грамматикалық бағыт болған. Бізге олардан көне үнді грамматикасын зерттеген мыңға жуық еңбек жетті. Олардың көпшілігі Панини дәстүрін қолданған деп жазады. Яғни, олар түбірді сөздің бастапқы бөлшегі есептейді [4, 45-б.]

Тіл бірден өзгеріп, жаңа сапаға көшетін құбылыс емес, ол үнемі даму үстінде қызмет етеді. Тілдің заңдылықтары екшеліп, нығайып, барған сайын орнығып, даму үстінде қалыптасады. Бұл тілдің сөзжасам жүйесіне де тікелей қатысты.

Сондықтан да сөзжасам тәсілдері мен көрсеткіштері көне замандарда-ақ белгілі бір жүйеге түсе бастағаны жазба ескерткіштер тілі арқылы белгілі. Бірақ қазіргі тілдің сөзжасам жүйесінің өте, әбден қалыптасқан екені талассыз тәсілі белгілі тілдік нұсқаларға негізделетінін естен шығаруға болмайды. Олай болса, тілдің сөзжасам жүйесіне сөзжасам нұсқалары да жатады. Тілде сөз жасауға қатысатын нақтылы тілдік нұсқалар бар. Сөз жасау әрекеті тілде бар нұсқалардың негізінде ғана болады. Сөзжасам единицалары деп сөзжасамды жүзеге асыратын тілдік бірліктер аталады. Тілдік нұсқаларға сүйенбей, жоқтан ешбір сөз жасалмайды. Ол жөніндегі ғалымдар пікірі бойынша да және түрлі тілдердің сөз жасау тәжірибесінде де жоқтан сөз жасау кездеспейді. Түбір сөз тілде түрлі жағынан қаралып жүргенімен, дәл сөз жасаушы негізгі нұсқалардың бірі ретінде толық зерттелді деуге келмейді. Ал түбірсіз ешбір сөз жасалмайды, сондықтан ол – сөзжасамдағы негізгі тұлға. Түбір сөздің сөзжасам жүйесінде өзіндік белгілі қызметі бар. Алдымен түбірлердің сөзжасаушы негізгі нұсқаның бірі ретінде танылуы оның жаңа сөздің мағынасын белгілеуде атқаратын қызметіне байланысты. Сөзжасам ісіндегі түбірдің негізгі нұсқа болып саналатын себебі түбір сөздің лексикалық мағынасы жаңа сөздің лексикалық мағынасына арқау болады, негіз болады, өйткені тілде бір лексикалық мағына екінші лексикалық мағынаның негізінде жасалады. Түбір сөздің мағынасы мен ол арқылы жасалған туынды сөздің мағынасы өте тығыз байланысты және ол кездейсоқ құбылыс емес, сөз жасауда үнемі сақталатын заңдылық. Оның сөзжасамда атқаратын қызметі өте күшті. Сөзжасамға түбір сөз ретінде қатысатын сөздердің бәрі лексикалық мағыналы сөздер болғандықтан, оларға тілде дербес сөз түрінде қолданылып жүрген сөздер жатады. Бұл сөзжасамдағы негізгі заңдылыққа жатады. Өте сирек жағдайда қазіргі тілдің даму сатысының дәрежесінде кейбір туынды түбірлер тілде толық мағынасы жоқ сөздерден жасалғандай болып көрінеді. Өйткені олардың құрамындағы негіз сөздер тілде қазір дербес қолданылмайды. Мұндайда негіз сөздің лексикалық мағынасы байқалмайды.

Түбір – сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін, лексикалық мағынасын сақтаған негізгі бөлігі. Түбірдің негізгі ерекшелігі ретінде толық

мағыналылығы, тұлғалық сипатының өзгермеуі, әрі қарай бөлшектеуге келмейтіндігі аталады. Н.А. Баскаков әуелгі түбірдің сипаты «дауыссыз – дауысты – дауыссыз» тұлғасында, Г.И. Рамс-тедт «Дауысты» түрінде, В.Котвич, Э.В. Севор-тян, А.Н. Кононовтар «дауыссыз – дауыссыз, дауысты – дауысты, дауыссыз» жүйесінде болған деп пайымдайды. Түбір термині тілді тарихи-ди-намикалық тұрғыдан зерделеуде өзгеше, қазіргі тілдің статикалық жайын анықтауда басқаша қарастырылады. Тарихи тұрғыда түбір түбір-тектерге (силлабофонемаларға) бөлшектенеді, мағынасы синкретті болады. Түбірдің «әрі қарай бөлшектеуге келмеуі» – шартты ұғым. Түбір туынды сөз жасаудың негізгі ұйытқысы санала-ды. Түбір – негізгі морфема, өйткені өзге (кө-мекші) морфемада лексик. мағына болмайды. Түбір жеке тұрып та, грамматикалық жағынан түрленіп те семантикалық дербес сөз болады, жеке сөздің қызметін атқара алады.

Э. Бенвенист өз еңбегінде айтып өткендей, үндіеуропа тілдерінде «түбір» түсінігі бар бол-ған, бірақ семит тілдерінде көп қолданылған. Семит тілдерінде түбір 3 дауыссыз әріптен тұр-ған, ал олардың арасына түрлі дауысты әріптер-ді кіргізген. Үндіеуропа тілдеріне тән түбірлер-ге байланысты ғалымдар түрлі пікірлер айтқан, мысалы: түбір сөздің ажырамас бөлігі ретінде (Бопп), түбірдің 3 түрі (Шлейхер), фонетикалық құрылымына байланысты түбірлер (Соссюр) және т.б. Мейе, Персоном, Хиртом, Курилович сынды ғалымдар да дауыссыз дыбысқа сәйкес дауысты келеді деп есептеді. Э. Бенвенист өзі-нің «Индоевропейское именное словообразова-ние» кітабында «индоевропейскому праязыку даже на самых ранних этапах его развития было свойственно переименование словообразования и формообразования» деген тұжырымға келеді. [2, 17-б.]

О. Семереньидің айтуынша, үндіеуропа тіл-деріндегі есім сөздердің көпшілігі жай түбір мен жұрнақтың (суффикс) көмегімен құрылған деп есептейді [5, 172-б.].

Жұрнақ (суффикс) – жалғанған сөзінен жа-на сөз тудыратын немесе сөзді түрлендіретін қо-сымша. Оның 2 түрі болады:

– сөз тудыратын жұрнақтар өзі жалғанған сөзінен жаңа сөз тудырады;

– сөз түрлендіретін жұрнақтар өзі жалған-ған сөзіне үстеме мағына қосып, сөздің тұлға-сын өзгертеді.

Түбірге тете сөз тудыратын жұрнақтар, одан кейін сөз түрлендіретін жұрнақтар, бұлардан соң жалғаулар орналасады. Жұрнақтар түбірге де, туынды сөзге де жалғанады. Жұрнақ құрамы мен қолданылу ерекшеліктеріне қарай да бір-неше топқа жіктеледі. Мысалы, жалаң, құран-ды, көп мағыналы, дара мағыналы, омонимдес, синонимдес, көне, жаңа және т.б. жұрнақтар. Шығу тарихы жағынан кейбір жұрнақтар же-ке сөздердің көмекші морфемаға айналуынан пайда болған. Жұрнақтардың бір тобы өзі жал-ғанған сөздердің мағынасын, түбірдің грамма-тикалық сипатын өзгертуі жағынан сөзжасам қосымшаларына жақын да, бір тобы жалғаулар-ға жақын. Сондықтан олардың бір түрі моди-фикациялық жұрнақтар, екінші түрі таза грам-матикалық жұрнақтар деп қарастырылып жүр. Модификациялық жұрнақ жаңа мағыналы сөз тудырмағанмен, түбірге қосымша грамматика-лық мағына үстеумен бірге түбір сөздің лекси-калық мағынасына семантикалық реңк қосады. Модификациялық жұрнақтарға зат есімнің рең-дік мәнді жұрнақтары, сын есімнің шырай жұр-нақтары, реттік сан есім жұрнақтары, етістік-тің етіс, күшейтпелі етістік, болымсыз етістік жұрнақтары жатады. Ал грамматикалық немесе категориялық жұрнақтар өзі жалғанған түбірге таза грамматикалық мағына үстеп, белгілі бір сөз табындағы түрленуінің көрсеткіші болады. Мысалы, есімше, көсемше, рай, шақ тұлғалары етістіктің түрлену көрсеткіштері болып табы-лады.

А. Мейе үндіеуропалық тілдер үшін 22 суф-фикстерді көрсетеді. Оның еңбегінде түрлі суф-фикстер (жұрнақтардың) көмегімен құрылған сөздердің мысалдарымен қатар, туынды сөз-дердің мағынасы да топтастырылады. Оның айтуынша «в индоевропейском многие основы состояли из одного только корня; тем самым проглядывает древнее состояние языка, когда каждый корень мог служить основой, не буду-чи снабжен суффиксом. Из этого следует, что каждый корень был словом как именного, так и глагольного значения, примерно как английское love» [6, 510-б.].

**Әдебиеттер**

- 1 Лингвистические знания в Древней Индии // История лингвистических учений. Древний мир. л., 1980, с. 66-92.
- 2 Бенвенист Э. Индоевропейское именное словообразование. – М.: Росмен, 2004. – 502 с.
- 3 И.А. Бодуэн де Куртенэ XIX ғасырдағы тіл ғылымы, немесе лингвистика. – М.: Русский путь, 1963. – 460 с.
- 4 Дж. Лайонз Теориялық лингвистикаға кіріспе. – М.: Азбука, 1978. – 378 с.
- 5 Семереньи О. Введение в сравнительное языкознание. – М.: Мапрекон, 2002. – 389 с.
- 6 Мейе А. Введение в сравнительное изучение индоевропейских языков. – М.: Терра, 2001. – 510 с.

**References**

- 1 Linguistischeckie znaniya v Drevnei Indii // Istoriya lingvisticheskix uchenii. Drevnii mir. ,1980, s. 66-92.
- 2 Benvenist E. Indieropeiskie imennie slovoobrozovanie. – М.: Rosmen, 2004. – 502 s.
- 3 I.A. Boduen de Kurnae . XIX gasyrdagi til gilimi nemese lingvistika. – М.: Russkii put, 1963. – 460 s.
- 4 DJ. Laionz. Teoryialil lingvistikaga kirispe. – М.: Azbuka, 1978. – 378 s.
- 5 Semereni O.Vvedenie v sravnitelnoe yazikoznanie. – М.: MMaprekon, 2002. -389 s.
- 6 Meie A. Vvedenie v sravnitelnoe izuchenie indoevropeskix yazikax. – М.: Terra, 2001 – 510 s